

**Әкімдіктің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 98 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 140 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 маусымда № 7870 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 110 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 28.05.2020 № 110 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағына , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 98 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5493 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 сәуірде "Сарыкөл" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

әкімдік қаулысының қосымшасында реттік нөмірлері - 25, 29, 30, 32 жолдары алынып тасталсын.

2. "Сарыкөл ауданының әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыкөл ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарыкөл ауданының әкімі*

*Э. Күзенбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Сарыкөл аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ Г. Жұбанова

2018 жылғы 28 мамыр